



010000, Нұр-Сұлтан қ., Бейбітшілік к-сі, 11 үй
тел.: 55-66-31, 55-66-35, факс: 55-72-94

010000, г. Нур-Султан, ул. Бейбитшилик, 11
тел.: 55-66-31, 55-66-35 факс: 55-72-94

№
16.10.2019 № 05 ге

**Тұрақты комиссияның
2019 жылғы
16 қазанындағы қаулысы**

**Елордада көлік жүйесін жандандыру
аясында халыққа қызмет көрсету
сапасын жақсарту жөніндегі жергілікті
атқарушы органның қызметі туралы
"Астана қаласы мәслихатының
2018 жылғы 24 қыркүйектегі
шешімінің орындалу барысы туралы**

"Елордада көлік жүйесін жандандыру аясында халыққа қызмет көрсету сапасын жақсарту жөніндегі жергілікті атқарушы органның қызметі туралы "Астана қаласы мәслихатының 2018 жылғы 24 қыркүйектегі шешімінің орындалу барысы туралы" ақпаратты тындап және талқылай отырып, Нұр-Сұлтан қаласының мәслихаты құрылыс, экология, көлік, сауда және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы жергілікті атқарушы органның Нұр-Сұлтан қалалық мәслихаты сессиясының шешімі ұсыныстарын орындау жөнінде шаралар қабылдануда екенің атап өтті.

Қалада көше-жол желісіне жүктемені төмендету мақсатында төрт бағытта көлік жүйесін дамыту бойынша тиімді бағдарлама іске асырылуда: жол-көлік инфрақұрылымын дамыту, қоғамдық көлікті дамыту, жол қозғалысын ұйымдастыру, көше-жол желісін жеңілдету.

Қаланың көше-жол желісі жалпы ұзындығы 852,8 км 1109 көшеден, 8 жол айрықтан, 17 автокөлік және 5 жаяу жүргіншілер көпірінен, 11 жер асты және жер үсті жаяу жүргіншілер өткелінен, 9 жол өтпесінен және 1 үңгір жолдан тұрады.

Жол-көлік инфрақұрылымын дамыту мақсатында 2017-2018 жылдары 132,3 км асфальт жол төселді, 8 жол қиылысы оң бұрылысымен жабдықталды, жалпы ұзындығы 45,4 км 34 көше салынды, өндіріс, Оңтүстік-Шығыс, Көктал, Ильинка және Комсомольский тұрғын алабында жалпы ұзындығы 86,9 км 196 көше асфальт төселді.

Орташа жөндеу жұмыстары 78 көшеде жүргізілді, жалпы ұзындығы 72,5 км.

Ағымдағы жылы 10 көшеге орташа жөндеу жұмыстары жүргізілді, жалпы ұзындығы 12,9 км және Сығанақ көшесіндегі 3 жер үсті жаяу жүргіншілер өткелін жобалау аяқталды.

Жалпы ұзындығы 79,7 км 54 көше құрылысы және Н.Тілендиев даңғылынан Қабанбай батыр даңғылына дейінгі ұзындығы 40,0 км үлкен айналма жолдың оңтүстік-батыс учаскесінің құрылысы жүргізілуде.

149 бағдаршам нысаны бейімделген, зияткерлік көлік жүйесінің көше-жол желісін түсіру бойынша шаралар қабылдануда: ITS жобасы аясында-96 бағдаршам нысаны, автомобиль жолдарын салу және қайта жаңарту жобалары аясында - 53 бағдаршам нысаны жоспарланған.

Жылжымалы құрамды жаңарту бойынша жұмыс жалғасуда, соңғы жылдары қаланың жылжымалы құрамы 70% - ға жаңартылып, 400-ден астам ескірген автобустар пайдаланудан шығарылды. Жалпы, үш жыл ішінде "Iveco" маркалы 738 автобус сатып алынды және пайдалануға берілді, оның ішінде 628 бірлік қалалық және 110 бірлік қала маңындағы автобустар. Күн сайын маршруттарға 858 автобус шығады: 744 автобус қалалық маршруттарға, 44 автобус экспресс маршруттарға және 70 автобус қала маңындағы маршруттарға қызмет көрсетеді. Қалада орташа жолаушылар ағыны тәулігіне 787 мың теңгені құрайды.

Қолайлықты қамтамасыз ету мақсатында 2018 жылдан бастап сараланған тариф енгізілді, қолма-қол ақшасыз төлем үлесі 95% - ды құрайды, оның ішінде 84% - ы көлік картасымен, 11% - ы SMS және QR арқылы және түрлі мобильдік қосымшалар арқылы және тек 5% - ы қолма-қол ақшамен төлеу. Көлік карталарын 10 арнайы кассалар, 30 RTVM-автоматтар және 234 жедел толықтыратын агенттік пункттер арқылы сатып алуға және толтыруға болады.

Көлік ағынының өткізу қабілетін арттыру мақсатында 8 көшеде бір жақты қозғалыс енгізілді: Кенесары, Абай, Желтоқсан, Әуезов, Янушкевич, Мәмбетов, Ағыбай батыр, Бұқарбай батыр, бұл көлік ағынының орташа жылдамдығын 33% - ға дейін, өткізу қабілетін 25% - ға дейін арттыруға, қиылыстардағы кідіріс уақытын 30% - ға дейін азайтуға мүмкіндік берді.

Сонымен қатар, Нұр-Сұлтан қалалық мәслихаты құрылыс, экология, көлік, сауда және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы жолдарды қайта құру және инженерлік коммуникацияларды тарту бойынша жұмыстар сапасыз жүргізілгенін, ақпараттық технологияларды пайдалану тетіктері, әсіресе тұрақ орындарын бұзушыларды анықтау және мониторинг жүргізу процесі пысықталмағанын атап өтті. Сондай-ақ, жалпы білім беретін мекемелердің оқушыларын «Schoolbusfree» арнайы көлікпен қамтамасыз ету мәселесі толық шешілмеген. Автобус жүргізушілерінің жол қозғалысы ережелерін бұзуына (қозғалыс жылдамдығын арттыру, қауіпті маневр жасау) байланысты жол-көлік оқиғалары жиілеп кетті. Жаңажол көшесін салу және кеңейту мәселесі шешілмеген, автобустардың жүктелу және бекітілген қозғалыс кестесін сақтау мәселесі өзекті.

Жоғарыда баяндалғанның негізінде, Нұр-Сұлтан қаласының мәслихаты құрылыс, экология, көлік, сауда және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТТІ:**

1. "Елордада көлік жүйесін жандандыру аясында халыққа қызмет көрсету сапасын жақсарту жөніндегі жергілікті атқарушы органның қызметі туралы "Астана қаласы мәслихатының 2018 жылғы 24 қыркүйектегі шешімінің орындалу барысы туралы" ақпараты назарға алынсын.

2. Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігіне ұсынылсын:

- мәслихаттың 2018 жылғы 24 қыркүйектегі "Елордада көлік жүйесін жандандыру аясында халыққа қызмет көрсету сапасын жақсарту жөніндегі жергілікті атқарушы органның қызметі туралы "Астана қаласы мәслихатының 2018 жылғы 24 қыркүйектегі шешімінің орындалу барысы туралы" шешімін толық көлемде іске асыруға бағытталған қажетті шаралар қабылдау;

- өткізу қабілетін арттыру және жол тығындарын оңтайландыру үшін 118 бағдаршам нысандарын бейімдеу басқарудың ITS үшінші кезегін енгізу бойынша жұмысты жандандыру;

- 2020 жылға арналған жобалау жоспарына қала шетінде жабық үлгідегі аялдама павильондарын орнатуды енгізу;

- жолаушылар тасымалын субсидиялау шеңберінде Нұр-Сұлтан қаласының автобус парктерінің қаржылық шығыстарына талдау жұмыстарын жүргізу;

- жол полициясы басқармасымен бірлесіп, жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету, жол-көлік оқиғаларын азайту мақсатында Қаланың бас көшелерінде көлік ағынын реттеу бойынша шаралар қабылдау;

- мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары шеңберінде ақылы автотұрақтар үшін арнайы аймақтар бөлу жөніндегі мәселені пысықтау;

- Жаңажол көшесінің құрылысын салу және кеңейту бойынша шаралар қабылдау, осы мәселені ерекше бақылауға алу ұсынылсын;

- Дүкенұлы 4 және Бейбітшілік көшелері бойынша асфальт төсеу жұмыстарын жүргізу мүмкіндігін қарастыру;

- Пушкин көшесінің құрылыс-жол жұмыстарын аяқтау бойынша қажетті шаралар қабылдау;

- жалпы білім беретін 15-18 жастағы оқушыларға және жоғары оқу орындарының, колледждердің күндізгі оқу формасында оқитын студенттеріне қалалық қоғамдық көлікте тариф құнының 50% жеңілдікпен жол жүруді ұсыну мүмкіндіктері мен тетіктерін қарастыру;

- өткізілетін іс-шаралардың тиімділігіне қол жеткізу мақсатында жолдарды салу және қайта жаңарту, инженерлік коммуникацияларды тарту жөніндегі жұмыстарды жүргізу кезінде бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің өзара келісілген іс-қимылдарын қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдау;

- жаяу жүргіншілер өткелдеріне жақындауда арнайы белгі салу бойынша ұсыныстар әзірлеу: "Құлаққапты шешіп алыңыз" және "Баланы қолын алыңыз".

- Ильинка тұрғын алабында Сырымбет батыр және Исатай батыр көшелерінде бағдаршам орнату мүмкіндігін қарастыру;


- басқа "Т" бейнелі қиылыстарға ұқсас, Сейфуллин көшесіндегі "Кең Март" сауда орталығының жанында бағдаршам орнату, автокөлік тығындарын оңтайландыру үшін жаяу жүргіншілердің қозғалысына талдау жасау ұсынылсын.

3. «Нұр-Сұлтан қаласының білім басқармасы» ММ-ге ұсынылсын:

- 15-18 жастағы мектеп оқушыларының саны бойынша жиынтық ақпарат беру;

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Нұр-Сұлтан қаласының мәслихаты құрылыс, экология, көлік, сауда және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

**Нұр-Сұлтан қаласының мәслихаты
құрылыс, экология, көлік, сауда
және тұрғын үй-коммуналдық
шаруашылық мәселелері жөніндегі
тұрақты комиссиясының төрағасы**



С. Жүнісов